



лымдарда жоғарыда айтылғандардың ішінде ерекше сала түрі бар, оған «жұртшылық шаруашылығы» деп қысқаша атау берілген. Оған халықтың жеке қосалқы шаруашылықтары, ұжымдық бақтар және бақшалар, саяжай учаскелері жатады. Аза-маттардың ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізудің мұндай нысандары шын мәнінде жұмыс істеп отыр. Олар ел халқының басым бөлігін қамтиды және елеулі ерекшеліктері бар.

З.И.Калугина мен Т.П.Антоновтың еңбектерінде жеке қосалқы шаруашылықтардың дамуы агроөнеркәсіптік кешеннің басқа салалары және қоғамдық ауыл шаруашылық кәсіпорындарымен табиғи байланысты делінген. Жеке қосалқы шаруашылықтар экономикалық тұрғыдан, тек қана жеке меншікке ғана емес, сондай-ақ қоғамдық меншікке де негізделеді. Жеке қосалқы шаруашылықтағы еңбектің нәтижесі оның иесіне азақ-түлік өнімдері және өндірілген өнімдердің белгілі бөлігін өткізуден түскен қосымша ақшалай табыс ретінде ұсынылады [1].

Кеңестік дәуірден өздігінен жеке қосалқы шаруашылық түсінігі қалыптасқан болатын. Жеке азық-түлікке деген қажеттілігін қанағаттандыруға үй маңы жер телімінде жанұя және оның мүшелерінің өзара ауыл-шаруашылық өнімдерін өндіруші азаматтардың шаруашылығы жеке қосалқы шаруашылық деп саналған. Кейінірек оған ұжымдық бақтар мен бақшалар қосылған. Қазіргі кезде жаңа заңнама пайда болды және әрбір заң шаруашылықтың бұл санатын өздігінше түсіндіреді.

1990 жылдардағы кезеңде аграрлық түбегейлі реформалар мен дағдарыстарда шаруашылықтың осы санатының әлеуметтік-экономикалық маңызы бірден өсті, осылайша тұрғындардың жеке шаруашылығы елді азық-түлікпен қамтамасыз етуінің негізгі қайнар көзі мен ауыл халқының өмір сүруінің негізіне айналды. Сол арқылы қоғамда айтарлықтай деңгейде әлеуметтік-экономикалық және саяси тұрақтылық сақталды [2].

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің «Қазақстан Республикасындағы ауыл, орман және балық шаруашылығы 2009-2013» жинағының қысқаша методологиялық түсініктемелерінде: «Жұртшылық шаруашылығына халықтың жеке қосалқы шаруашылықтары, ұжымдық бақтар мен бақшалар, саяжай учаскелері жатады. Жеке қосалқы шаруашылықтарға жер ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру үшін пайдалануға, иеленуге және меншікке беріледі. Ұжымдық бақтар мен бақшалар – жер пайдалану нысаны, мұнда

жер бағбандық пен бау-бақша өсіру үшін азаматтар ұжымына беріледі деп көрсетілген.

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 9-1-бабында елді мекендерде әр шаруашылық бойынша есеп жүргізу бойынша былай жазылған: «Әр шаруашылық бойынша есеп жүргізу ауылдық жерлерде тұратын жеке тұлғаларды, сондай-ақ тұратын жеріне қарамастан жеке үй (қосалқы) шаруашылығы бар жеке тұлғаларды мемлекеттік статистикалық байқау болып табылады» [3].

Азаматтардың жұртшылық шаруашылығы ауыл шаруашылығындағы жағдайды тұрақтандырушы негізгі фактор ретінде қарастырылады. Сондай-ақ, азаматтардың жұртшылық шаруашылығы жұмыссыздық жағдайындағы тұрғындардың жұмыспен қамтылуының мейлінше тиімді әдісі болып табылады. Қазіргі кездегі жүйедегі ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуында жұртшылықтың жеке қосалқы шаруашылығы маңызды рөлді атқаруда. 2013 ж. мәлімет бойынша олардың үлесіне ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы шығарылымының 45,25%-ы тура келді (1-кесте).

2-кестеден жұртшылық шаруашылығы 2009-2013 жылдар аралығында өсімдік шаруашылығындағы өнімдердің жалпы шығарылымының орта есеппен 24,06 %-ын өндіргенін байқауға болады. Бұл көрсеткіш тұрақты болып келеді.

Ал, келесі 3-кестеден жұртшылық шаруашылығы 2009-2013 жылдар аралығында мал шаруашылығындағы өнімдерінің жалпы шығарылымының орта есеппен 79,38 %-ын өндірген көреміз.

Жұртшылықтың жеке қосалқы шаруашылығы мал өсіруге кеңінен маманданғаны жайлы пікірлер айтылуда. Жалпы осы санат бойынша мәліметтерді саралай келе, оған дәлел ретінде келесі мәліметтерді ұсынуға болады. 2013 жылдың соңында елдегі жалпы мал ба-сы санында жұртшылық шаруашылығында ірі қара мал – 4034,5 мың бас (68%), шошқа – 562,4 мың бас (60%), қой мен ешкі - 10996,1 мың бас (62,6%), жылқы – 995,0 мың бас (55,7%), түйе – 91,7 мың бас (91,7%), құс – 12400,1 мың бас (36,2%) құрап отыр (4-кесте).

Ауыл шаруашылығы өнімінің өндірісі құрылымындағы 2013жылдағы жұртшылық шаруашылығының үлесі келесі өнім түрлері бойынша мынадай: мал мен құстың шаруашылықтағы сойылғаны және союға өткізілгені (тірідей салмақта) – 69,9%, сүт – 83,7%, жұмыртқа – 33,4%, картоп – 65,8%, көкөністер – 48,7% болып отыр.



Үй маңындағы және басқа да телім-дердегі осындай жеке шаруашылықтағы өндірістің айтарлықтай өсімін ауыл шаруашылығы өндірісіндегі экономикалық ахуалдың нашарлауына, қысқартылуына, ұжымдық өндірістің жалпы жабылуына қарсы әрекет етуімен түсіндіруге болады. Ауыл халқының еңбек белсенділігінің қоғамдық сектордан жеке секторға ауысу үрдісін келесі себептермен түсіндіруге болады:

- жалақының және оның жалпы жан-ұялық бюджеттегі үлесінің азаюымен;

- жұмыспен қамтылудың баламалы түрлерінің болмауымен, яғни ауылды жердегі еңбек ету саласының тарлығымен.

Жұртшылықтың жеке шаруашылығындағы еңбекпен қамтылу өзін-өзі еңбекпен қамтудың бір түрі болады және отбасының жалпы табысының жартысын қамтамасыз етеді.

4-кестеден көргеніміздей көрсеткіштерге ие бола отырып, жұртшылық шаруашылығының азық-түлік нарығы жүйесі мен ауыл шаруашылығы өнімі саласына тартылуында жиі кездесіп отыратын қиындықтары бар.

Жеке қосалқы шаруашылықтардың негізгі қиындықтарының бірі өнімді өткізу болып табылады. Өнімнің айтарлықтай бөлігін делдалдар сатып алады. Оны ешкім есепке алмайды. Оны өткізуден түсетін табысты алып сатарлар алады, бірақ бұдан барлық деңгейлердегі бюджеттерге ештеңе түспейді. Қалыптасқан делдалдық құрылым өнімді көтермелеп төмен бағамен сатып алып, көпшілік жағдайда халықтың өз өнімін еркін өткізуге кедергі келтіреді. Бұл теріс жағдайды жою үшін сауда-делдалдық қызметтер саласын кешенді дамыту және ауыл шаруашылық кәсіпорындар мен өңдеуші кәсіпорындардың келісімшарттық қарым-қатынастарын іс жүзінде кеңейту талап етіледі.

Ұсақ жанұялық шаруашылық импортпен салыстырғанда әлемдік нарықта да, ішкі нарықта да отандық азық-түліктің бәсеке қабілеттілігін артуына алып келмейді. Себебі, шаруа аулалары заманауи тиімділігі жоғары технологияларды қолдануға лайықты көлемде емес. Олар осы себептен өзіндік құны жоғары және сапасы төмен өнімді өндіреді.

Реформалардың ең басында мемлекет тарапынан көп укладты экономика құруға бағыт ұсталған болатын. Және бұл бағыт іс жүзінде жүзеге асты. Ауыл шаруашылық өнім өндірушілердің барлық нысандарының құқықтарының теңдігі жарияланған болатын. Бұл ұстаным жүзеге аспаған еді, яғни жеке қосалқы шаруашылықтар шаруа қожалықтарымен салыстырғанда ешқашан мемлекеттік қаржылық қолдауға ие болған емес ( аз қам-

тылған отбасыларға берілетін микронесиені есепке алмағанда). Әрине, бұл үй маңындағы шаруашылықты кемсітушілік болып табылады. Біздің ойымызша, жанұялық ауылшаруашылық жайында идеологиялық және саяси атмосфераны өзгерткен жөн. Оның мәні келесідей: мемлекеттік қолдау көрсету шараларын шаруашылық жүргізудің ірі нысандарымен теңдей жеке қосалқы шаруашылық-тарға да қолдану. Мемлекеттік бағдарлама-ларға қатысатын жеке қосалқы шаруашы-лықтар жеңілдетілген несиеге, тыңайтқыштар мен химикаттарға, тұқымдарға және асыл тұқымды жас төлдерге және тағы басқаларға қол жеткізуге мүмкіндіктері болғаны жөн.

Мемлекеттік саясаттың мұндай қадамдары үй маңы шаруашылығының ұжымдық шаруашылықпен қызығушылығын қамтамасыз етеді.

Жеке қосалқы шаруашылықтарға қатысты мемлекеттік саясат ондағы өндірістік жағдайды жетілдіруге ауылшаруашылық кәсіпорындарымен өңдеуші сала корпорациясына кешенді бағытталған болуы тиіс. Жұрт-шылықтың жеке қосалқы шаруашылықта-рының өнімдерін сатып алу жүйесін нарықтық экономикаға тән етіп, делдалдар санын минимумға дейін азайта отырып құру қажет. Сондай-ақ, шағын механикаландырудың қымбат емес құралдар өндірісін жетілдіру қажет. Жеке қосалқы шаруашылықты суармалы сумен, жем-шөппен, агро, зоо және ветеринарлық қызмет көрсетумен, аудандас-тырылған сұрыптардың тұқымдарымен, жас төлмен және басқа да қызмет көрсету түрлерімен қамтамасыз ету қажет. Бұл ауыл халқының табысы мен шаруалардың өмір сүру деңгейін арттырудың, ауылды әлеумет-тік қайта құрылымдаудың шарттарының бірі.

Банктерге, лизингтік компанияларға, инвестициялық компанияларға, көтерме сауда ұйымдарына және басқаларға шағын серіктестердің қолайсыз екендігі белгілі. Оларға қызмет көрсетумен байланысты шығындар ірі серіктестермен жұмыс жасаумен салыстырғанда қымбатқа түседі. Шағын ауылшаруашылық тауар өндірушілер қолдау көрсетумен айналысатын мемлекеттік қызметкерлерге де ыңғайсыз болып табылады. Әйтсе де, мұнда бір шешім бар.

Біріншіден, заңды тұрғыдан мемлекетпен экономикалық жағдайда банктер мен басқа да коммерциялық ұйымдарды шағын бизнес субъектілерімен жұмыс жасауға қызықтыруға болады.

Екіншіден, аталған мәселе шағын кәсіпкерлікке қаржы-экономикалық және сауда-

коммерциялық инфрақұрылым құру арқылы түпкілікті шешіледі. Бұл жағдайда тұтыну кооперативтері: несиелік, сақтандыру, қызмет көрсету, жабдықтау-өткізу өте маңызды рөлді атқарады. Мұндай құрылымда жанұялық шаруашылықтарға тек қаржы, ресурстық, азық-түлік нарықтарға ғана емес, сондай-ақ мемлекеттік қолдау құралдарын қолдану мүмкіндіктерін де жеңілдетеді. Кооперативтердің қызметтері жанұялық шаруа қожалықтарына коммерциялық ұйымдарға қарағанда, айтарлықтай дәрежеде арзанға түседі. Бұл осы кооперативтердің құрылтайшылары мен пайшылары шаруа қожалықтарының өздері болып табылатындықтан, мейлінше мүмкін болады. Кооператив жарғысына сәйкес пай иелері кооператив ішіндегі экономикалық қатынастарды, оның ішінде қызмет көрсету бағасын анықтауға құқылы. Өркениетті қоғамда шаруа ауласы (қора-қопсысы) кең өндірістік функцияны атқаруға міндетті емес. Мұнда зейнеткерлердің қо-сымша табыс көзі, ауыл жанұяларындағы жас өспірімдерді еңбекке баулудың объектісі болып табылатын жанұя аулалары тауарлы ауыл шаруашылық өндіріс ұйымының түрі емес, бұл дәстүрлі қалыптасқан шаруа өмірінің ыңғайы және шаруаны әлеуметтік-экономикалық сілкіністерден өзін-өзі қорғау түрі болып табылады. Ауыл жанұясы – ұлттық рухани, мәдени, және тұрмыстық дәстүрлердің қайнар көзі мен сақтаушысы.

Жеке қосалқы шаруашылық жаңадан ұйымдастырылған шаруашылық құрылымдармен жергілікті басқару ұйымдарымен тығыз байланысты. Олар бұл құрылымдармен, жалпы елді мекендермен және ауыл округтерімен біріктірілген.

Алайда, бұрын дәстүрлі болып табылатын көмектердің көлемі айтарлықтай деңгейде қысқарды, өйткені көптеген ауылшаруашылық кәсіпорындары (әсіресе, шағындары) өздері қиын қаржылық жағдайға тап болды және жеке қосалқы шаруашылықтар өздерінің жұмысшыларын ресурстық базамен қамтамасыз етуге мүмкіншіліктері болмады.

Жеке қосалқы шаруашылықтарға қажетті негізгі көмектер келесідей:

- өнімді өткізуді ұйымдастыру;
- жем-шөппен қамтамасыз ету;
- мал жаюға жайылымдар бөлу;
- жайылымдарды қолдану бойынша қызмет көрсетуді ұйымдастыру;
- зооветеринарлық және агрономдық көмек;
- көлік қызметін көрсету.

Малға жем-шөп дайындау, жайылымды қолдану, жерді өңдеу, өнімдерді өткізу мәселелерін жеке қосалқы шаруашылықтарға

қызмет көрсету бойынша кешенді шаралардың құрамдас бөлігі деп қарастырған жөн:

- жеке қосалқы шаруашылықтарға қызмет көрсетуге арналған ірі экономикалық күшті ауылшаруашылық кәсіпорындарда халыққа қызмет көрсетуге бағытталған ішкі шаруашылық бөлімдер құрған дұрыс.

- олардың кәсіпорындармен қарым-қатынастарын құқықтарды, міндеттерді және екі жақтардың жауапкершілігін бекітетін ұзақ мерзімді келісім-шарттық қарым-қатынастар негізінде құру қажет.

- кері жағдайда жеке қосалқы шаруашылықтарға қызмет көрсету

бойынша жеке қосалқы шаруашылықтардың өздерімен құрылатын кооперативтер ұйымдастырған жөн. Кооперативтердің артықшылықтары - жер телімдерінің пайлық қорын біріктіруінде болып табылады. Кооперативтер жергілікті ұйымдармен жерді өзара өңдеу, жем-шөп дайындау, мал жайылымын ұйымдастыру мақсатында құрылады [5,6].

Территорияның тұрақты дамуын қамтамасыз ету ауылдық территориялардың дамуы мен өмірлік әлеуетін қолдауға жеткілікті ақша ағымының ұйымдастырумен тікелей байланысты. Яғни, ұйымдастырудың бұл түрі тұрақты дамудың барлық қайнар көздерін бір мезгілде қолданылуын ұсынады. Мәселен, республикалық және аймақтық қаржыландыру, сондай-ақ территорияның ішкі ресурстарына негізделетін инновациялық және дәстүрлі бизнестердің мүмкіндіктерін қолдану болып табылады.

Қазіргі кезде жұртшылық шаруашылығы тұрғындардың экономикалық белсенді ең кең тараған түрі ретінде елдегі жетекші ауыл шаруашылық өнімін өндірушісі болып, аграрлық экономиканың тәуелсіз әрі тең құқылы, бір жағынан, әртүрлі ұйымдық-құқықтық формаға ие ауылшаруашылығы өнімі өндірісін толықтырушы, екінші жағынан, ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші өзге санаттарымен тең түсуші секторына айналып отыр. Республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы жұртшылық шаруашылығының әрекет етуінің ерекшеліктері мен рөлі оның жан-жақты қолдауы мен дамуына бағытталған арнайы экономикалық механизм құрылуына негіз болады. Объективті тарихи себептер бойынша жұртшылық шаруашылығы ауыл тұрғындары үшін шаруашылық әрекеті мен жұмыспен қамтуының негізгі және баламасыз түрі болып табылады.

Ауылдық қоғамдастықтың тұрақты дамуына, ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыруына, ауылдық

аймақтағы экологиялық теп-теңдікті сақтауына негізгі септігін тигізуші жұртшылық шаруашылығының қалыпты дамуы болып табылады. Агроөнеркәсіптік өндіріс жүйесінде жұртшылық шаруашылығы маңызды рөлді атқарып отырғандықтан, олардың келешектегі мүмкіндіктерін дамыту үшін орын алып отырған қиындық туғызушы мәселелерін шешкен жөн. Сол себепті жұртшылық шаруашылығының дұрыс әрекет етуі үшін қажетті деп саналатын барлық шарттарды мұқият қарастырып, жаңа жетілген үлгідегі механизм тетіктерін енгізіп, қалыптастыру аса қажет.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1 Калугина З.И., Антонова Т.П. Личное подсобное хозяйство сельского населения: проблемы и перспективы. – Новосибирск: Наука, 1991. - 238с.

2 Исмуратов С.Б., Наурызбаева В.Т. Социально-экономические предпосылки развития семейных хозяйств, как формы ведения селскохозяйственного производства // Проблемы агрорынка.- 2010. - №4. - С.9-10.

3 «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасының Заңы 2002 жылғы 15 қаңтар № 280-II.

4 ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті. Статистикалық жинақ «Қазақстан Республикасындағы ауыл, орман және балық шаруашылығы», 2009-2013 жж.

5 Григорук В.В. Хозяйство личное – выгода общая // Экономика и статистика.-2006.- №2.- С.133-137.

6 Григорук В.В., Умбиталиев Н.А. Личное подсобное хозяйство на современном этапе развития Казахстана //Проблемы агрорынка.- 2006.- № 1.- С.34.

**Pajdalanylran әдебиеттер тізімі**

1 Kalugina Z.I., Antonova T.P. Lichnoe podsobnoe hozjajstvo sel'skogo naselenija: prolemy i perspektivy. – Novosibirsk: Nauka, 1991. - 238s.

2 Ismuratov S.B., Nauryzbaeva V.T. Social'no-jekonomicheskie predposylki razvitija semejnyh hozjajstv, kak formy vedenija selskohozjajstvennogo proizvodstva // Problemy agrorynka.- 2010. - №4. - S.9-10.

3 «Memlekettik statistika turaly» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасының Заңы 2002 жылғы 15 қаңтар № 280-II.

4 ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті. Statistikalық zhinақ «Қазақстан Республикасындағы ауыл, орман және балық шаруашылығы», 2009-2013 жылдар.

5 Grigoruk V.V. Hozjajstvo lichnoe – vygodа obshhaja // Jekonomika i statistika.-2006.- №2.- S.133-137.

6 Grigoruk V.V., Umbitaliev N.A. Lichnoe podsobnoe hozjajstvo na sovremennom jetape razvitija Kazahstana //Problemy agrorynka.- 2006.- № 1.- S.34.